



ҚАЗАКСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ



АҚЫНЖАНОВ ОҚУЛАРЫ – 2019

© 2020 ж. Ә. Д. Қасенова, М. С. Шағырбаев

2019 ж. 17 қазан күні Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында белгілі археолог С.М. Ақынжановтың 80 жылдығына арналған жас ғалымдардың халықаралық конференциясы болып өтті. Тыңдалған баяндамалар Қазақстанның тас деуірі, қола деуірі, ерте темір және ортағасырлардағы өзекті мәселелеріне арналған. Жалпы конференция барысында «Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық оғыз қалаларындағы жаңа зерттеулерге қысқаша шолу» және «Көне деуірдегі мал шаруашылығы мен аңшылықтың маңызы (остеологиялық материалдар негізінде)» атты баяндамалар жас археологтар арасында үлкен пікірталасқа ұласты. Конференцияға Әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университетті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университетті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетті, Курган мемлекеттік университетті (Курган қ., РФ), Кемерово мемлекеттік университетті (Кемерово қ., РФ), Қазақ Бас Сөulet Құрылыш Академиясының студенттері және «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі, «Археологиялық экспертиза» ЖШС және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жас ғалым-ізденушілері қатысып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жарияланымға ұсынды.

Түйін сөздер: археология, Ә.Х. Марғұлан, С.М. Ақынжанов, институт, қорық, музей, конференция, жас ғалымдар, шеберлік сабағы, остеология

Сержан Мұсатайұлы Ақынжанов ұзақ жылдар бойы Онтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясына жетекшілік ете отырып, Отыrap қаласының археологиялық зерттелуіне үлесін қосқан белгілі археолог. Ғалым 1982 жылдан 1986 жылға дейін Шығыс Қазақстандағы Шұлбі археологиялық экспедициясына жетекшілік жасаумен қатар, 1982 жылдан 1991 жылға дейін Орталық Қазақстандағы кең ауқымды археологиялық экспедициясына жетекшілік етті.

Археология ғылымы соңғы жылдары методологиялық әдістердің жаңа сипат алуды жаратылыста-

технологиялар» лабораториясының менгеруішісі қызметін атқарған [Савельева, 2019, с. 37]. Бұғанде аталған лаборатория араға уақыт салып, қайта қалпына келтірілуде. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бастамасымен 1993 ж. тұнғыш рет «Ақынжанов оқулары» ұйымдастырылып, аталған конференция жас археологтар үшін ғылыми тұжырымдарын жарияладап, тәжірибе алмасатын өзінше бір ой талқысының алаңына айналғаны белгілі [Байпаков, 2017, с. 179].

Сержан Мұсатайұлы 1984 жылдан бастап «Археологиялық

Археология ғылымы соңғы жылдары методологиялық әдістердің жаңа сипат алуды жаратылыста-

ну ғылымдарының зерттеу әдістерін кең қолданысқа енгізу арқылы өзінің даму қарқынын күштейтіп келеді. Жинақталған материалдарды талдау әдістерінің жетілдірлуі және бай археологиялық жәдігерлер мен қазба жұмыстарының негізінде жинақталған білім өз кезегінде жас ғалымдардың алдағы зерттеулеріне үлкен септігін тигізері анық. Дегенмен тәжірибе алмасу, ғылыми тұжырымдарын ортаға салып, сараптап, ой бөлісу, сонымен қатар өз зерттеулеріндегі тұшымды пікірлері мен кемшиліктерін көре білуі маңызды. Осыған орай, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты арадағы бірнеше жылдық үзілістерден кейін, аталаған конференцияны ғылымда соңғы жылдары қалыптасқан жана үдерістерге сайқайта жалғастыру мақсатында 2019 ж. 17 қазан күні көрнекті археолог – Сержан Мұсатайұлы Ақынжановтың 80 жылдығына арналған «Ақынжанов оқулары – 2019» атты жас ғалымдардың археологиялық халықаралық конференциясын ұйымдастыруды (сур. 1). Конференция жинағына Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архив қорынан С.М. Ақынжановтың бұрын еш жерде жарияланбаған жеке іс парагы, фотокүжаттары жарияланды [КР БФМ FK АИ архиві. 1-к., 75-іс, 16-п.]. Институт басшылығы осы бір үзілген дәстүрді жалғастыру мақсатында жыл сайын «Ақынжанов оқуларының» кезекті жинағына С.М. Ақынжановтың библиографиялық енбектерінің тізімін, архив қорындағы мәліметтерді жариялауды дәстүрге айналдыруды жоспарладап отыр. Конференция барысында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ұйымдастыруымен өткен С.М. Ақынжановтың 80 жыл-

дығына арналған «Ақынжанов оқулары – 2019» халықаралық жас ғалымдар археологиялық конференциясына қатысушы барлық жас ғалымдарға арнайы сертификат табысталды.

Конференцияға Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Курган мемлекеттік университеті (Курган қ., РФ), Кемерово мемлекеттік университеті (Кемерово қ., РФ), Қазақ Бас Сәулет Құрылыс Академиясының студенттері және «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі, «Археологиялық экспертиза» ЖШС және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жас ғалым-ізденушілері қатысып, ғылыми зерттеу жұмыстары туралы ой бөлісіп, өз енбектерін жарияланымға ұсынды. Конференция жинағына Қазақстанның тас дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі археологиясының өзекті мәселелері, кола дәуірінің металлургиясы, метал және сүйек бұйымдардың тарсолологиясы, остеологиялық материалдар негізінде көне және ортағасырлардағы аңшылық пен мал шаруашылығының рөлі және ескерткіштерді музейлендіру мәселелеріне қатысты зерттеулер еніп отыр.

Сондай-ақ, конференцияда төменде аталағын жас ғалымдардың бірқатар ғылыми баяндамалары қызу пікірталасқа түсkenін айта кетуіміз кажет.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкері С.Р. Куандықтың «Новые памятни-



Сур. 1. Конференцияга қатысушы жас галымдар. М.С. Шагирбаевтың фотосы

Fig. 1. Young scientists participating in the conference. Photo by M.S. Shagirbayev

ки позднего каменного века в долине р. Орь Актибинской области» атты баяндамасы жас ғалымдардың қызыгуышылығын тудырып, зерттеу жұмыстарының барысы мен кейбір қорытындылары туралы ойлары пікірталасқа түсті. С.Р. Куандықтың ұсынған баяндамасына трасолог И.В. Горашук баяндамада колданылған бірқатар терминдердің кейінгі зерттеулерде өзгеріске түсіп жүргені туралы ойларын ортаға салды.

Трасолог И.В. Горашуктың «Каменные и костяные орудия металлургии и металлообработки срубной культуры» атты баяндамасындағы сүйек бұйымдарды қолдану әдістерінің кейбір қырлары ашылып, бірқатар өндеу әдістерін арнайы құрал арқылы зерттеу тәсілдері көрсетілді. Мәселен ірі қараның жауырын сүйегін метал өндеу ісінде пайдалану қола дәүірінде

біршама өріс алғандағы, тері илеуге арналған жануар қабырғаларындағы өндеуден қалған іздердің бағыттарын зерттеудің маңыздылығы көрсетілді. Сонымен қатар тас құралдарды қайта қалпына келтіру, оларды экспериментальды түрде сынау әдістері айтылып, автор өзі жасаған тас құралдардың салыстырмалы түрде беріктігі мен тиміділігіне тоқталды.

PhD докторант Б.Б. Бессетаевтың баяндамасында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өткен С.М. Ақынжановтың 80-жылдығына орайластырылған «Археология: өткені, бүгіні, болашағы» атты халықаралық жас ғалымдардың ғылыми-әдістемелік конференциясының қорытындылары, ондағы қарастырылған мәселелер, манызды тақырыптар сөз болып, бірқатар сұбелі зерттеулердің нәтижелерін ортаға салды.

Корқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 3 курс студенті М.И. Жүсіпназардың «Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық оғыз қалаларындағы жаңа зерттеулерге қысқаша шолу» атты баяндамасы жас ғалымдар арасында біршама пікірталас тудырғанын айта кеткіміз келеді. Баяндамада арнайы фото суреттер мен сызбалар арқылы сипатталған ортағасырлық Жанкет қаласының ішкі құрылымы кешені, фортификациялық жағдайы және мәдени қабатының терендігіне қатысты бірқатар сұрақтар қойылып, нәтижесінде қаланың стратиграфиялық қабатының әлі толық зерттеліп бітпегені жөнінде жаңа мәліметтер алды. Ескерткіштен табылған қошқар күльтімен байланысты соңғы зерттеу нәтижелері бойынша суреттері алғаш рет жас ғалымдардың назарына ұсынылды.

Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Археология, этнология және музеология кафедрасынын оқытушысы А.Е. Ерғабыловтың «Шілікті–Тарбагатай археологиялық экспедициясының 2017–2018 жылдары Айнабұлақ қорымында жүргізген зерттеу жұмыстары» атты баяндамасында профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданынан табылған энеолиттік ескерткішке жүргізілген зерттеу жұмыстарының кейір қорытындылары сөз болды.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының кіші ғылыми қызметкері М.С. Шагирбаевтың «Көне дәуірдегі мал шаруашылығы мен аңшылықтың маңызы (остеологиялық материалдар негізінде)» атты мақаласы конференцияға қатысушылар арасында үлкен

қызығушылық тудырып, бірқатар аға буын археологтардың тарапынан да сұрақтар қойылды. Мәселен автор баяндамасында пайдаланған Бәбіш мола қаласынан табылған жануар асықтарының бетіндегі түрлі сыйықты өрнектер мен асықтардың тесіліп және жылтыратылып өнделуі туралы ойларына қарсы пікірлер де айтылды. Оның ішінде асықтардың тесігіне қарап, және кейбір жерлеу орындағында тесігі бар асықтардың мәйіттің бас жағынан табылуына қарап мойынға таққан тұмар болуы мүмкін деген пікіріне қарсы, бірқатар жерлеу ғүрүптарында асықтардың мәйіттің аяқ тұсынан және бел тұсынан да табылатынын, асықтарды тек мойынға ғана емес, еңбек құралы ретінде белге де тағып жүруі мүмкін екендігі туралы ойлар ортаға салынды. Сонымен қатар асықтардың бетіндегі өрнектердің тотемдік, балгерлік мақсатта және ойын түрлеріне қарай орындалу мүмкіндіктері туралы пікірлер де көрініс тапты. Жалпы аталған баяндамаға қатысты оннан астам сұрақтар мен пікірлер айтылып, бұл тақырыптың археология және этнология ғылымында әлі күнге дейін өзекті екендігін айқындаі түсті.

Шеберлік сабағы. Конференция аясында экспериментальды археологияға байланысты И.В. Горашук арнайы шеберлік сабағын өткізді. Шеберлік сабағында тас құралдардың шикізатын дұрыс тандау, тасты жанқалау әдістері, құрал жасаудағы қолданылатын тастың түрлері, оның салмағы мен көлемінің маңыздылығы туралы мәселелер көзғалды. И.В. Горашук өзі тас құралдарды бір-біріне соғу арқылы тас жанқаларды алып, одан көне заманның үлгісінен сай арнайы құрал жасап көрсетті. И.В. Горашуктың әдісіне сәйкес бірқатар жас ғалымдарда тас құрал

жасау әдстеріне сай тәжірибе алмасты. Шеберлік сабағаның сонында жас ғалымдардың тас құралдардың өндеу жұмыстарына баға беріліп, үздіктері анықталды.

Корытынды. Тарихымызды таныту және түсіндіруде өзінің жаңашылдығымен және материалдық базасының молдығымен археологияғыны маңызды орын алатыны белгілі. Бұл мәселе Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Дағының жеті қыры» атты мақаласында да анық көрсетілген. Жас ғалымдардың жыл бойы жүргізген зерттеулерін өз

ортасында ой талқысына салып, елеңтен өткізуде атаптап конференцияның алатын орны зор. Осыған сәйкес Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының басшылығы, жас ғалымдар кеңесі және конференцияны ұйымдастыру алқасы жас ғалымдарға арналған халықаралық «Ақынжанов оқуылары» атты конференцияны жүйелі түрде, үздіксіз өткізуі және қатысуышылардың географиялық кеңістігін отандық жас ғалымдармен шектемей, алыс-жақын шет елдік жас археологтармен толықтыруды жоспарлап отыр.

ӘДЕБИЕТ

1. Савельева Т.В. Ахинжанов Сержан Мусатаевич: к 80-летию со дня рождения // Казахстан археологиясы. 2019. № 3 (5). С. 37-46.
2. Байпаков К.М. Сержан Ахинжанов – выдающийся археолог и востоковед Казахстана // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение: сб. науч. ст., посвящ. 70-летию организации Центрально-Казахстанской археологической экспедиции Академии наук Казахстана. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола». Т. 1. С. 174-180.
3. Ахинжанов С.М. Личное дело // Архив ИА КН МОН РК. Ф. 1, д. 75, 27 л.

Авторлар туралы мәліметтер:

Қасенова Әсемгүл Дауренқызы – аға ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (Алматы қ., Қазақстан); asema_94@mail.ru

Шағырбаев Мамбет Сапарбекұлы – кіші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (Алматы қ., Қазақстан); mambet_87@mail.ru

АХИНЖАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2019

А. Д. Қасенова, М. С. Шагирбаев

17 октября 2019 г. в Институте археологии им. А.Х. Маргулана состоялась международная конференция молодых ученых, посвященная 80-летию известного археолога С.М. Ақынжанова. Были заслушаны доклады, посвященные актуальным проблемам Казахстана эпохи камня, бронзы, раннего железа и Средневековья. В ходе конференции наиболее острые дискуссии развернулись по двум докладам: «Краткий обзор новых исследований в средневековых городах огузов, расположенных в нижнем течении Сырдарьи» и «Значение животноводства и охоты в древности (на основе остеологических материалов)». В конференции приняли участие студенты и молодые ученые из КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Кызылординского госуниверситета им. Коркыт Ата, Кургансского госуниверситета

(г. Курган, РФ), КемГУ (г. Кемерово, РФ), КазГАСА, Историко-культурного музея-заповедника «Памятники Древнего Тараза», Государственного историко-культурного музея-заповедника «Иссык», ТОО «Археологическая экспертиза» и Института археологии им. А.Х. Маргулана.

Ключевые слова: археология, А.Х. Маргулан, С.М. Акынжанов, институт, заповедник, музей, конференция, молодые ученые, мастер-класс, остеология

AKYNJANOV READINGS – 2019

A.D. Kassenova, M.S. Shagirbayev

On October 17, 2019 the A.Kh. Margulan Institute of Archeology hosted an international conference of young scientists dedicated to the 80th anniversary of the famous archaeologist S.M. Akyunjanov. The heard reports are devoted to urgent problems of Kazakhstan in the Stone Age, the Bronze Age, the Early Iron and the Middle Ages. During the conference, the reports “A brief overview of new research in the medieval cities of the Oghuz located in the lower reaches of the Syrdarya” and “The importance of animal breeding and hunting in antiquity (based on osteological materials)” were heard. The conference was attended by students and young scientists from Al-Farabi Kazakh National University, Abay Kazakh National Pedagogical University, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kurgan State University (Kurgan, RF), Kemerovo State University (Kemerovo, RF), Kazakh Head Academy of Architecture and Civil Engineering, Historical and Cultural Reserve-Museum, Historical and Cultural Museum-Reserve “Monuments of Ancient Taraz”, State Historical and Cultural Museum-Reserve “Issyk”, LLP “Archaeological Expertise” and the A.Kh. Margulan Institute of Archeology.

Keywords: archaeology, A.Kh. Margulan, S.M. Akynzhanov, institute, reserve, museum, conference, young scientists, master class, osteology

REFERENCES

1. Savelyeva, T. V. 2019. In *Kazakhstan Archeology*, 3 (5), 37–46 (in Russian).
2. Baipakov, K. M. 2017. In Beisenov, A. Z., Loman, V. G. (eds.). *Arkheologicheskoe nasledie Tsentralnogo Kazakhstana (Archaeological Heritage of Central Kazakhstan)*, 1. Almaty: «Begazy-Tasmola» Publ, 174–180 (in Russian).
3. Akhinzhanov, S. M. In Archive A.Kh. Margulan Institute of Archeology, f. 1, d. 75, 27 s. (in Russian).

About the Authors:

Kasenova Asemgul D. Scientific researcher, A.Kh. Margulan Archeology Institute, Almaty, Kazakhstan; asema_94@mail.ru

Shagirbayev Mambet S. Junior scientific researcher, A.Kh. Margulan Archeology Institute, Almaty, Kazakhstan; mambet_87@mail.ru

Мәқала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 13.11.2019.